

**СЕКЦИЯ 2 -БІЛІМНІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫ: ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕ  
ЖӘНЕ ПРИОРИТЕТТЕРІ  
ИННОВАЦИОННОЕ РАЗВИТИЕ ОБРАЗОВАНИЯ: МИРОВАЯ ПРАКТИКА И  
ПРИОРИТЕТЫ**

ӘОЖ: 323 (574)

**А.Г. Джакупова**, аға оқытушы

**А.Т. Кенжебаева**, студент

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қаласы

**ИННОВАЦИЯЛЫҚ БІЛІМДІ ДАМУЫ: ӘЛЕМДІК ПРАКТИКА БАСЫМДЫҚТАРЫ**

**Аннотация**

Мақалада қазіргі таңдағы инновациялық білімді дамыту және білім деңгейі бойынша әлемдік аренаға шығу қарастарылады.

*Түйін сөздер:* инновация, ақпараттық технология, технологиялық мәдениет дәуірі, ғаламдық коммуникация, ғылымды дамыту.

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» Н.Ә. Назарбаев

XXI ғасыр-ақыл-ойдың дәуірі, ақпараттық қоғам, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір. Бұл кезеңдегі әрбір елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының Түйіні-білімді де білікті маманның қолында. Менің ойымша, тәуелсіз ел тірегі-десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған мәселе білім беру, ғылымды дамыту. Өркениет біткеннің өзегі, ғылым, тәрбие екендігіне ешкімнің таласы жоқ. Осы орайда білім ордасы – мектеп, ал мектептің жаны-мұғалімдердің басты міндеті-өз ұлтының тарихын, мәдениетін, тілін қастерлей және оны жалпы азаматтық деңгейдегі рухани құндылықтарға ұштастыра білетін тұлға тәрбиелеу. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі-оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім». Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр

Қазіргі заман-бәсеке ғасыры, бұл бәсеке енжарлықты, керітартпалықты көтермейді. Еліміз егемендігін алып, өзін бүкіл әлемге мойындата бастаған осы кезеңде біздің қоғам дарынды, қабілетті, жан-жақты жетілген адамдарды қажет етеді. Сондықтан да еліміздің білім берудегі ұлттық жүйесі өте қарқынды өзгерістер сатысында тұр. Бүгінгі таңдағы негізгі мақсат-ұлттық құндылықты әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті, өзіндік жеке көзқарасы қалыптасқан тұлға тәрбиелеу. Ол үшін оқушылардың белсенділігін арттыру, іздепаздыққа үйрету және білімді өз бетінше алуы мен қолдана білетін дарын иесін тәрбиелеу керек. Мен қазіргі таңда «Кәсіптік оқыту» студенті, болашақ педагог, мұғалім ретінде жас ұрпақтың тәрбиесі біздің қолымызда. Жас ұрпақтың тәрбиесі-адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Жас ұрпақтың жаңаша ойлануына, олардың біртұтас дүниетанымының қалыптасуында әлемдік сапа деңгейіндегі білім, білік негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жаңаша білім мазмұнын

құру - жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселе. Бүгінгі орта білім беру ісіне қойылар талаптар қай кездегіден де күрделі маңызды. Өйткені бізді дамудың жаңа кезені күтіп тұр. Сол кезеңге лайық ұлттық санасы жаңғырған жаңа ұрпақ тәрбиелеу міндеті мойынымызда. Барлық кедергілерді жеңу, табысқа талпыну өз қолымызда деп білемін. «Оқусыз-білім жоқ, білімсіз-күннің жоқ» деген халық даналығы ешқашан мәнін жоғалтпайды. ХХІ ғасырда әлемдік өркениет төрінен орын алуы үшін, Қазақстанның жан-жақты дамуының бірден-бір жолы ғылымды әр қырынан меңгеру қажет болып отырғаны белгілі. Елбасымыз Қазақстан халқына «Бәсекеге қабілетті халық үшін», «бәсекеге қабілетті экономика үшін» - деген жолдауында: «Білім беру реформасы-Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдың бірі»-деген. Қазіргі заман талабына сай, Елбасының халыққа Жолдауы білім беру ісінде де жыл сайын өзгерістер енгізіп отыр. «Жаңа технологиялық күзірет» бағдарлай білу өз бетінше білім беруде стратегиялық міндеттерін табысты шешуге мүмкіндік береді: таңдай білу, талдай білу, өзгерте білу, сақтай білу, жеткізе білу, жүзеге асыра білу», -деп атап көрсеткен. Білім беру процесіне енгізілген инновация адамның кәсіптік қызметіне тән болғандықтан, ол табиғи түрде зерттеудің, талдаудың және тәжірибеге енгізудің нысанасына айналды. Инновация өздігінен пайда болмайды. Ол ғылыми ізденстің, жекелеген оқытушы мен тұтас ұжымның озық педагогикалық тәжірибесінен туындайды. Бұл процесс өздігінен дамымайтындықтан ол басқаруды қажет етеді. Қазіргі кезде әлемдік экономика жаңа сапалық деңгейдегі білімге негізделген. Білімге негізделген салалардағы экономикалық өсудің қарқынынан тұрақты түрде асып отырады. Осы орайда, ақпарат легінің артуы және оның одан әрі шектеусіз өсу перспективасы, адамзат жинақтаған білімді жай игеріп қоюдың нәтижесіз мақсат екенін көрсетеді. Әлемнің көптеген алдыңғы қатарлы елдерінің білім беру жүйесі-білім берудің құрылымын, мақсаттарын, мазмұны мен технологиясын түбегейлі өзгертулер енгізумен іске асырылады. Білім, білік, дағдыларды бұрынғыша механикалық түрде беру емес, ақпараттық-зияткерлік ресурстарды өз бетінше тауып, талдап және пайдалана білетін идеялардың қуат көзі болатын, жедел өзгеріп отыратын әлем жағдайында дамитын және өзін-өзі ашық көрсете алатын жеке тұлғаны қалыптастыру-қазіргі басымдық болып табылады.

Қазақстан Республикасында білім беру процесін дамытудың 2005-2010жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында білім беру процесін дамытудың мынадай негізгі басым бағыттары көзделген:

1. Оқыту 6 жастан басталатын, одан әрі жоғары сынып оқушыларын бейінді және кәсіпке бағытталған жүйеде оқытатын 12 жылдық жалпы орта білімге көшу;
2. Орта білімнен кейінгі кәсіптік білім беру процесінің жаңа деңгейін құру;
3. Кредитті технологиямен оқыту жүйесіне негізделген кәсіби мамандарды даярлаудың 3 сатылық жүйесін (бакалавриат-магистратура-докторантура) құру;
4. Білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесін құру.

Бағдарламаны іске асыру нәтижесі тиімді қызмет істейтін білім беру жүйесін қалыптастырып, Қазақстанның қазіргі әлемде лайықты орын алуына мүмкіндік беретін оқыту және мамандар даярлаудың сапалы білім деңгейіне қол жеткізеді. Білім - қоғамды әлеуметтік, мәдени-ғылыми прогреспен қамтамасыз ететін ғажайып құбылыс, адам үшін де, қоғам үшін де ең жоғары құндылық. Оның ең негізгі қызметі - адамның менталитетін, адамгершілігін, шығармашылық қабілетін қалыптастыру, дамыту. Осыған орай егеменді еліміз өзінің дамуының ең басты алғы шарты - білім беру жүйесінің білім ғасырындағы міндеті мен мазмұнын айқындап берді.

Менің ойымша, қай мемлекеттің де негізгі тірегі - асқақтаған күмбездер де, ғимараттар да, экономикалық жағдай да емес, білімді де білікті, іскер де, белсенді адамдар. Әрине, "келешектің иесі - жастар". "Жастар өзінің ата-анасынан гөрі заманына көбірек ұқсас келеді. (И.С.Кони). Сондықтан қоғам талабына сай, сол қоғамды көркейтегін, дамытатын жастар тәрбелеу ең маңызды мәселе екені даусыз. Қоғамның

дамуына қарай ғылым мен техниканың деңгейі де, оны басқару жүйесі де өзгеріп отыратыны белгілі. Осыған орай маман қызметінің мазмұны жаңарып, жаңа мақсат, жаңа көзқарас, жаңа шешімдер мен жаңа мүмкіншіліктерді қажет етеді. Ондай мүмкіншілік тек білім арқылы келеді. Инновациялық оқыту білімді тереңдетумен қатар оқушының оқу әрекетіне жетелеп, олардың оқуға деген ынтасын оятады. Ал технология – бұл қандай да болсын істегі, шеберліктегі, өнердегі амалдардың жиынтығы деген ұғымды білдіреді.

XXI ғасыр ұлттық бәсеке, ақпараттық сайыс инновациялық технологиялар, күрделі экономикалық реформалар сияқты көріністермен ерекшеленеді. Сол кезеңге сай интеллектуалды, дені-сау, ой-өрісі жоғары дамыған әлемдік деңгейдегі жоғары білімі бар азаматтарды тәрбиелеу-мемлекеттік ең маңызды стратегиясы. Әлемдік өркениетте өз орнын тауып, жаһандану ағысына енген еліміздің алдында міндеттер мен бұлтартпас бағыттар тұр. Солардың бірегейі – білім беру жүйесін жетілдіру. Соңғы үш жыл бойына Қазақстан ЮНЕСКО-ның Білім беруді дамыту индексі бойынша әлемнің 129 елі ішінде көшбасшылардың төрттігінде тұр. XXI ғасырда Қазақстанда білім беру жүйесінде инновациялық серпіліс жасалынды. Жаңа мыңжылдық білім беру үдерісін мүмкіндігінше кеңірек қарауды талап етеді. Әр адамды жаңа әлемде жұмыс істеуге, білім алуға, өмір сүре алуға, бірлесіп өмір сүре білуге үйрету қажет. Бұл ЮНЕСКО қалыптастырған білім берудің төрт тағаны. Әлемнің көптеген алдыңғы қатарлы елдерінің білім беру жүйесі білім берудің құрылымын, мақсатын, мазмұны мен технологиясын өзгертті. Білімді, білікті, дағдыларды бұрынғыдай механикалық түрде беру емес, ақпараттық-зияткерлік ресурстарды өз бетінше тауып, талдап және пайдалана білетін, инновациялық идеялардың қуат көзі болатын, жедел өзгеріп отыратын әлем жағдайында дамиды және өзін-өзі ашып көрсете алатын болашақ маман тұлғасын қалыптастыру басымдылық болып табылады.

Қазақстан мектебінің алдына қойып отырған мақсаты-инновациялық оқыту технологиясы арқылы оқу мен тәрбие жұмысын дамыту, еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту бағытында оқушыларға жүйелі, нақты білім беру. Қазіргі таңда әлемнің жетекші елдерінің көпшілігі білім беру жүйесін, білім берудің мақсатын, мазмұны мен технологияларын оның нәтижесіне қарап бағалайтын болды. Білім берудің қазіргі негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағды, іскерлікке қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке-ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам қарқынмен өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер -бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндеттер ауыр» деген болатын. Қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгірі болу емес, тарихи танымдық, педагогикалық -психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Бұл заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқытудың озық технологиялары мен инновациялық әдістерді сабақ үрдісінде тиімді пайдалана алатын білігі мен білімі жоғары ұлағатты ұстаз болу керек деген сөз. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында: «Жоғарғы білімді дамытудың негізгі үрдісі мамандар даярлаудың сапасын арттыру, қарқынды ғылыми-зерттеу қызметімен ықпалдастырылған инновациялық білімді дамыту, білім беру мен ақпараттық технологияларды жетілдіру болып табылады».-деп атап көрсетілген. Сондықтан қазіргі кезеңде оқытудың инновациялық технологияларын мектеп практикасына белсенді түрде ендіру-оғам талабы.

Қорыта айтқанда, қазіргі жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алуының бірден-бір шарты- оқу орындарындағы білім беру процесіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу екендігі сөзсіз түсінікті. Сондықтан ғылыми-техникалық

прогрестен қалыспай, жаңа педагогикалық инновацияларды дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу-әрбір ұстаздың негізгі міндеті болып табылады. Менің ойымша, оқу орындарында инновациялық басқару жүйесін енгізіп, оны жүзеге асыру міндет.

Бүгінгі студент, оқушы-ертеңгі маман. Жоғары оқу орнында білім беру үрдісінің болашағын жоспарлау, ол – экономикалық, әлеуметтік, саяси, рухани жұмыстардың қоғамдағы дамуына байланысты шешілетін мәселе. Білім беру студент қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталады. Сондықтан, оны басқарудың студенттің ой-өрісін дамытуға, өз өмірінің нысаны болуы үшін жағдай туғызуға негізделеді.

Қысқаша айтатын болсақ, өмірлік тәжірибе ойды қозғайды, ойғылымды туғызады, ғылымның дамуы зерттеуді талап етеді. Қазіргі нарық кезінде озат тәжірибені дұрыс басқару үшін-орнымен бақылау, жоспарлау, болашақты болжау дұрыс бағдарлама жасауға жол сілтейді. Осының бәрі сайып келгенде болашақта жақсы маман даярлауға мүмкіншілік береді.

### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Астана . 2004. 28-б
2. С.Е. Шишов. Понятие компетенции в контексте проблемы качества образования // «Государство и образование», 2002. 88-б
3. Раджерс Э. Инновация туралы түсінік. – //Қазақстан мектебі, №4, 2008ж.
4. Қабдықайыров Қ. Инновациялық технологияларды диагностикалау. – А., 2004ж. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім. – //Қазақстан мектебі, №4, 2008ж. Нағымжанова Қ. Инновациялық технологияның құрылымы. – А.:Өркен, 2007ж. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – А.: Білім, 2008.

### **РЕЗЮМЕ**

В данной статье рассматриваются особенности развития образования, так как ХХІвек характеризуется национальной конкурентоспособностью, инновационными технологиями и сложными экономическими реформами. Важнейшей государственной стратегией мирового класса является воспитание высокообразованных, интеллектуально развитых, здоровых людей.

### **RESUME**

The most important state strategy of the world class is the education of highly educated, intellectually developed healthy people.

УДК:255

**А.К. Жакупова**, преподаватель

**А.Н. Курмангалиев**, студент

Западно-Казахстанский аграрно-технический университет им. Жангир хана, г. Уральск

## **КОРРУПЦИЯ – АКТУАЛЬНАЯ ПРОБЛЕМА СОВРЕМЕННОСТИ**

### **Аннотация**

В статье рассматривается проблема коррупции и коррупционного поведения среди государственных и муниципальных служащих. В статье отталкиваемся от понимания коррупции, как морального разложения должностных лиц, выражающегося в незаконном обогащении, взяточничестве, хищении и срастании с мафиозными структурами. Коррупционное поведение рассматривается в контексте нравственного